

«Баланың даму деңгейін анықтау»

Психолог Жанбаева З.Т

2025-2026 оқу жылы

«Баланың даму деңгейін анықтау»

1. Тақырыптың өзектілігі

Мектепке дейінгі кезең — баланың тұлғалық, танымдық, сөйлеу және эмоциялық дамуының ең қарқынды уақыты. Сондықтан да баланың даму деңгейін уақтылы анықтау — оның даму траекториясын дұрыс құруға, кемшіліктерді ерте анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді.

2. Баланың даму деңгейін анықтаудың мақсаты

- Баланың жас ерекшелігіне сай даму көрсеткіштерін анықтау;
- Дамуында қиындық немесе кешеуілдеу бар-жоғын белгілеу;
- Әр балаға жеке қолдау көрсету жолдарын анықтау;
- Ата-анаға баласының даму портретін таныстыру;
- Тиімді түзете-дамыту жұмыстарын жоспарлау.

3. Диагностика қандай салалар бойынша жүргізіледі?

Диагностика кешенді түрде төмендегі бағыттар бойынша өтеді:

1) Танымдық даму

- Заттарды тану
- Салыстыру, топтастыру
- Санау, түстерді ажырату
- Заттардың қасиеттерін түсіну

2) Сөйлеу және тіл дамыту

- Сөздік қоры
- Сөйлем құрау
- Дыбыстарды дұрыс айту
- Есту арқылы түсіну
- Логикалық ой айту

3) Қимыл-қозғалыс (моторика)

- Ұсақ моторика (құрастыру, сурет салу, жіп өткізу)
- Ірі моторика (жүгіру, секіру, тепе-теңдік)

4) Әлеуметтік-эмоциялық даму

- Қарым-қатынас дағдылары
- Эмоцияларды тану
- Қызығушылықтары мен мінез ерекшеліктері
- Өзін-өзі реттеу

5) Танымдық-психологиялық көрсеткіштер

- Есте сақтау
- Назар ауыстыру
- Логикалық ойлау
- Қиял

4. Диагностика қалай жүргізіледі?

1. Бақылау әдісі

Педагог пен психолог баланы ойында, іс-әрекет барысында, топта және жеке жағдайда бақылайды.

2. Әңгімелесу

Балаға жасына сай сұрақтар қойылады, ата-анадан да ақпарат алынады.

3. Тест, жаттығулар, тапсырмалар

- Пішіндермен жұмыс
- Сурет бойынша әңгіме
- Санау, сәйкестендіру
- Жұмбақ шешу
- Құрастыру

- Қимыл жаттығулары

4. Психологиялық әдістемелер

- «Үй–Ағаш–Адам» (қажет болса)
- Эмоцияларды тану тесті
- Жағдаяттық суреттермен жұмыс
- Назар тесті (Белл тесті, т.б.)

5. Сөйлесу тілін анықтау

- Артикуляциялық аппаратын қарау
- Дыбыстарды айту дұрыстығы
- Буын, сөз, сөйлем деңгейіндегі жұмыстар

6. Ата-аналарға арналған ұсыныстар

- Баланың дамуындағы ерекшеліктерді жасырмай, маманмен бірге талқылау
- Үй жағдайында педагог жүктеген тапсырмаларды орындау
- Балаға қолайлы күн тәртібін қалыптастыру
- Экран алдында уақытты шектеу
- Балаға күн сайын оқу, әңгімелесу, ойынға уақыт бөлу
- Дамуында кешеуілдеу байқалса — түзету сабақтарына қатысу

7. Күтілетін нәтиже

- Баланың толық даму портреті анықталады
- Балаға жеке бағытталған даму жоспары құрылады
- Ерте араласу арқылы қиындықтардың алдын алынады
- Ата-ана мен педагог арасындағы серіктестік күшейеді
- Бала өз жасына сай дамиды

8. Қорытынды

Баланың даму деңгейін анықтау — оның болашақтағы білім алуына, әлеуметтенуіне, тұлғалық дамуына маңызды ықпал етеді. Уақтылы диагностика — баланың табысты дамуының кепілі.

№29 «Арай» бөбекжай-балабақшасы бойынша КТР жұмысы.

